

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
Астана қаласының Әділет
департаменті

Заңды тұлғаға мемлекеттік

қайта тіркеу жүргізілді
2008 жыл « 25 » желтоқсан
Куәлік № 11058-7-001-712
Алғашқы тіркелген күні: 2001 жыл 29/12

КӨШІРМЕСІ
КОПИЯ



Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті төрағасының
2008 жылғы « 5 » тамыздағы
№ 192 бұйрығымен бекітілді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 08 ж. « 25 » ақп. жүргізілді
БСН 000180001853
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ: 2001 жыл 29/12

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Ұлттық тестілеу орталығы»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

Астана қаласы, 2008 жыл

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ
АРҒЫ ЖАҒЫНА
ҚАРАҢЫЗ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 желтоқсандағы № 1850 қаулысына сәйкес құрылып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 сәуіріндегі № 365 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Орталық) болып қайта аталды.

2. Орталыққа қатысты республикалық мемлекеттік меншік құқығындағы субъектінің функциясын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – Уәкілетті орган) орындайды.

3. Орталық мемлекеттік басқару органы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Мемлекеттік басқару органы) болып табылады.

4. Орталық өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдесіндегі Заңын, «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

2. Орталықтың заңды мәртебесі, атауы және орналасқан жері

5. Орталық дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі, атауы жазылған фирмалық бланкілері, мөрлері, мөртабандары және басқа ресми атрибуттары бар республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлғасы болып табылады.

6. Орталық мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

7. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Орталық филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

8. Орталықтың атауы:

толық:

мемлекеттік тілде - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

орыс тілінде - Республиканское государственное казенное предприятие «Национальный центр тестирования» Министерства образования и науки Республики Казахстан»;

қысқартылған:

мемлекеттік тілде - «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК;

орыс тілінде - РГКП «Национальный центр тестирования».

9. Орталықтың орналасқан жері - Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Жеңіс даңғылы, 60.

3. Орталық қызметінің мәні мен мақсаттары

10. Орталық қызметінің негізгі мәні мен мақсаты болып Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде білім беру сапасын арттырудың ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етілуі, Қазақстан Республикасындағы студенттік контингентті қалыптастырудың жаңа үлгісінің енгізілуі табылады.

11. Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін Орталық мынадай қызмет түрлерін орындайды:

1) оқу-тәрбие процесінің жағдайын талдаудың жаңа технологиясын әзірлеу және енгізу, оқушылар мен үйренушілердің білім деңгейін анықтау, олардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына сәйкестігі;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарымен анықталатын оқытудың міндетті нәтижелеріне жетуді бағалайтын өлшеуіштер мен өлшеу тәртібін әзірлеу;

3) мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарын білім ұйымдарының жүзеге асыру мониторингі, оның ішінде тест технологияларын қолдану;

4) білім беру ұйымдарын аттестаттау мен аккредитеуді қамтамасыз етуге қатысу;

5) тест теориясы мен әдістемесі бойынша ғылыми-әдістемелік зерттеулерді жүргізу, білім сапасының өлшемі;

6) білім беру ұйымдары оқушыларының контингентін қалыптастырудың жаңа үлгілерін әзірлеуге және енгізуге қатысу;

7) білім беру ұйымдарының педагогикалық кадрларының тестік технологияларды оқу процесінде қолдану біліктілігін арттыру;

8) Орталық қызметінің бағыттары бойынша салалық-ақпараттық базасын құру;

9) Білім беру саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруда ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етуге қатысу, соның ішінде кадрларды шет елдерде даярлау, Қазақстан Республикасы азаматтарының шет елдерде және шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алуларына ықпал ету;

10) білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік кешендерін құру, баспадан шығару және жүзеге асыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға

катысу;

11) Орталық қызметінің бағыттары бойынша оқу-әдістемелік құралдарын дайындау және басып шығару;

12) қабылдау емтихандары мен білім мониторингін жүргізу үшін тест тапсырмаларының базасын құру және сүйемелдеу;

13) Білім беру ұйымдарында білім деңгейіне тестік бақылау жүргізу кезінде заңды және жеке тұлғаларға қосымша қызметтер көрсету;

14) білім жүйесін ақпараттандыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыру, білім жүйесінде деректер базасын, WEB-технологияларды қалыптастыру және сүйемелдеу;

15) ұлттық білім желісін құруға және сүйемелдеуге қатысу;

16) Қазақстан Республикасында азаматтардың мемлекеттік тілді білу деңгейін бағалау жүйесін жасауға және енгізуге қатысу.

12. Орталық тиісті лицензиясы болған кезде мемлекеттік лицензиялауға жататын қызметті жүзеге асырады.

13. Орталық осы Жарғыда бекітілген қызметтің мәні мен мақсатына жауап бермейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқығы жоқ.

4. Орталықты басқару

14. Орталықтың Уәкілетті органының мынадай өкілеттіктері бар:

1) Орталықтың Жарғысын мемлекеттік басқару органының ұсынысы бойынша бекітеді;

2) осы Жарғының 30-тармағында көрсетілген мәмілелерді Орталықтың жүзеге асыруына келісім береді;

3) Орталықтың жарғылық қызметінің мақсатына жауап бермейтін, артылып қалған, пайдаланылмайтын, не мақсатқа сай пайдаланылмаған мүлікті алу туралы шешімдерді қабылдайды;

4) Мемлекеттік басқару органымен келісілген кесте бойынша мүліктің тиімділігі мен мақсатты пайдаланылуына жыл сайын тексерулерді жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

15. Орталықтың Мемлекеттік басқару органының мынадай өкілеттіктері бар:

1) Орталық қызметінің басым бағыттарын анықтайды;

2) Орталықтың қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарларын, оның ішінде жоспарлы, қаржылық көрсеткіштерін қарастырады және бекітеді, оларды берудің мерзімділігі мен тәртібін белгілейді;

3) Уәкілетті органға олар белгілеген мерзімдерде тиісті есепті бере отырып, Орталықтың қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарлы көрсеткіштерінің орындалуына бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі № 685 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларын

тағайындау және аттестаттау ережесіне сәйкес Орталықтың директорын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, оны аттестаттаудан өткізеді;

5) Орталық директорының ұсынысы бойынша Орталық директорының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

6) Орталық мүлкінің мақсатқа сай пайдаланылуын және сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

7) мемлекеттік тапсырысты бөле отырып, Орталықтың сметасын бекітеді;

8) Орталықтың еңбекақы қорын белгілейді;

9) Қазақстан Республикасының заңдарымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

16. Орталықтың заңды тұлға ретіндегі органы Мемлекеттік басқару органына есеп беретін оның директоры болып табылады.

17. Мемлекеттік басқару органы Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасына сәйкес жеке еңбек шартын жасау арқылы директормен қарым-қатынасты ресімдейді.

18. Директор меншік иесінің (Уәкілетті органның) және Мемлекеттік басқару органының алдында Орталықтағы істердің жай-күйіне дербес жауап береді.

19. Директор дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген өз құзыретіне сәйкес Орталық қызметінің барлық мәселелерін дербес шешеді.

20. Орталық өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асырған кезде директор:

1) Орталық атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) барлық органдарда Орталықтың мүдделерін білдіреді;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген шектерде Орталық мүлкіне иелік етеді;

4) Мемлекеттік басқару органы белгілеген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық жалақылардың мөлшерлерін, қызметкерлерге сыйлықақы беру және өзге де сыйақылар жүйесін бекітеді;

5) шарттар жасайды және өзге де мәмілелер жасайды;

6) сенімхаттар береді;

7) банктік шоттар ашады;

8) өз құзыреті шегінде және еңбек заңнамасына сәйкес Орталықтың қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шартын бұзады, оларға көтермелеу шаралары мен жазалар қолданады;

9) Орталықтың барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

10) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Мемлекеттік басқару органына кандидатураларды ұсынады;

11) Мемлекеттік басқару органының келісімімен бас бухгалтерін,

филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) өзінің орынбасарлары мен Орталықтың өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін анықтайды;

13) Орталықтың филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен оған жүктелген өзге де міндеттерді орындайды.

21. Директордың орынбасарлары өз құзыреті шегінде Орталықтың атынан әрекет етеді, оны мемлекеттік органдар мен басқа кәсіпорындарда білдіреді, сенімхатсыз шаруашылық операцияларын, келісім-шарттарды жасайды, сондай-ақ Орталықтың қызметкерлеріне сенімхаттар бере алады.

22. Орталықтың лауазымды тұлғаларының өкілеттіктері Орталықтың директоры бекітетін лауазымдық нұсқаулықтарда анықталады.

5. Орталықтың мүлкі

23. Орталықтың мүлкін бағасы Орталықтың дербес теңгерімінде көрсетілетін Орталықтың барлық активтері құрайды. Орталық жедел басқару құқығында оның жарғылық қызметін қамтамасыз ету үшін қажет мүлік қана болуы мүмкін.

24. Орталықтың мүлкі бөлінбейтін болып табылады және оны салымдар (үлестер, пайлар) бойынша, соның ішінде Орталық қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

25. Орталықтың мүлкі:

1) меншік иесі жедел басқаруға берген мүліктің;

2) Орталық өз қызметінің нәтижесінде алған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге көздердің есебінен құралады.

26. Орталықтың негізгі құралдарға жатқызылған, жедел басқару құқығында бекітілген мүліктерді, сондай-ақ оған тиесілі акцияларды сатуға және сыйға тарту мәмілелерін жасасуға құқығы жоқ.

27. Егер заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, Орталыққа бекітілген мүліктің меншік иесі оны алуға не өзінің қалауы бойынша өзі құрған басқа да заңды тұлғаларға қайта бөлуге құқығы бар.

Жедел басқару құқығындағы мүлікті алу туралы шешімде Уәкілетті орган Орталыққа кейіннен теңгерімнен шығара отырып, алынған мүлікті өзге тұлғаға бергенге дейін оны ұстау және сақталуын қамтамасыз ету мерзімдерін белгілеуге құқығы бар.

28. Орталық осы Жарғының 26-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне бекітіліп берілген мүлікті және өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде түскен қаражат есебінен сатып алынған мүлікті Уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана иеліктен шығаруға немесе оған

ізгеше тәсілмен иелік етуге құқылы.

29. Орталық Мемлекеттік басқару органының жазбаша келісімінсіз негізгі құралдарға жататын мүлікті сату-сатып алу, айырбастау, сыйға тарту шарттары немесе өзге мәміле негізінде алуға құқығы жоқ.

6. Орталықтың қызметін қаржыландыру

30. Орталықтың қызметі өз табысының есебінен қаржыландырылады.

31. Орталық өндіретін және өткізетін тауарлардың (атқаратын жұмыстардың, көрсететін қызметтердің) бағаларын Мемлекеттік басқару органы белгілейді.

Орталық монополиялық шығаратын тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) баға монополияға қарсы орган белгілеген тәртіппен анықталады.

7. Орталықтың жауапкершілігі

32. Орталық өзінің міндеттемелері бойынша өз иелігіндегі ақшаға жауап береді.

Орталықты тарату жағдайларын қоспағанда, Орталықтың басқа мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді.

33. Орталық өз мүлкінің меншік иесінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

34. Орталықтың ақшасы жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы субсидиарлық жауапкершілікте болады.

Орталықтың шарттық міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік тапсырысты орындау шеңберінде ғана субсидиарлық жауапкершілікте болады.

8. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

35. Орталықтың әкімшілігі мен еңбек ұжымының арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес анықталады.

36. Орталықтағы жұмыс тәртібін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес директор белгілейді.

9. Қызметкерлерге еңбекақы төлеу

37. Орталықтың еңбекақы төлеу қорын Мемлекеттік басқару органы белгілейді.

38. Орталықтың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысымен бекітілген еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес жүргізіледі.

10. Есепке алу және есептілік

39. Орталық Қазақстан Республикасының заңнамасына және Мемлекеттік басқару органымен келісім бойынша директор бекітетін есеп саясатына сәйкес бекітілген бухгалтерлік есепке алу стандарттарына сәйкес өз қызметінің нәтижелерін есепке алуды жүзеге асырады, бухгалтерлік және статистикалық есептілікті белгіленген мерзімдерде Мемлекеттік басқару органына, қаржы, салық және статистика органдарына береді және олардың дұрыстығына жауап береді.

Орталықтың жылдық қаржылық есептілігі бухгалтерлік теңгерімді, кірістер мен шығыстар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

Орталықтың статистикалық есепке алуы мен есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Орталықты тарату және қайта ұйымдастыру

40. Орталықты қайта ұйымдастыру мен тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Орталық азаматтық заңнамада көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, Орталықты қайта ұйымдастыруды және таратуды Уәкілетті органның келісімі бойынша Мемлекеттік басқару органы жүзеге асырады.

41. Таратылған Орталықтың кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін Уәкілетті орган қайта бөледі.

Таратылған Орталықтың ақшасы, кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған Орталықтың мүлкін сату нәтижесінде түскен қаражатты қоса алғанда, республикалық бюджеттің кірісіне есептеледі.

12. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

42. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар Мемлекеттік басқару органының ұсынысы бойынша Уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

02 СЕН 2008

М. Бегалина Раушан Амановна, нотариус

лицензия № 0000568 от 06.10.1999 г.

свидетельствую верность этой копии с подлинником документа в последнем подчисток, приписок, зачеркнутых слов и иных неоговоренных исправлений или каких-либо особенностей не обнаружено.


арегистрировано и реестр за № 1042
лицензия от 06.10.1999 г. № 1054
Нотариус



овано

Прошито,
пронумеровано
на листах

Пронумеровано 8



Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
Астана қаласының Әділет
департаменті
Заңды тұлғаға мемлекеттік
қайта тіркеу жүргізілді
2008 жыл «25» 08
Куәлік № 79058-1901-ММ/С
Алғашқы тіркелген күні 2008 жыл 13.01

КӨШІРМЕСІ
КОПИЯ



УТВЕРЖДЕН
приказом Председателя
Комитета государственного
имущества и приватизации
Министерства финансов
Республики Казахстан
от «5» августа 2008 года
№ 492

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
2008 ж. «25» 08 жүргізілді
БСН 000140001853
Алғашқы тіркелген күні 2008 жыл 13.01

Устав
Республиканского государственного казенного предприятия
«Национальный центр тестирования»
Министерства образования и науки Республики Казахстан

город Астана - 2008 год

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ
АРҒЫ ЖАҒЫНА
ҚАРАҢЫЗ

1. Общие положения

1. Республиканское государственное казенное предприятие «Национальный центр государственных стандартов образования и тестирования» Министерства образования и науки Республики Казахстан создано в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 3 декабря 1999 года № 1850 «О создании Республиканского государственного казенного предприятия «Национальный центр государственных стандартов образования и тестирования» Министерства образования и науки Республики Казахстан» и в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 18 апреля 2008 года № 365 переименовано в Республиканское государственное казенное предприятие «Национальный центр тестирования» Министерства образования и науки Республики Казахстан (далее - Центр).

2. Функции субъекта права республиканской государственной собственности по отношению к Центру осуществляет Комитет государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан (далее - Уполномоченный орган).

3. Органом государственного управления Центром является Министерство образования и науки Республики Казахстан (далее, - Орган государственного управления).

4. В своей деятельности Центр руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан от 27 июля 2007 года «Об образовании», Законом Республики Казахстан от 19 июня 1995 года «О государственном предприятии», иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Уставом.

2. Юридический статус, наименование и местонахождение Центра

5 Центр является юридическим лицом в организационно-правовой форме республиканского государственного казенного предприятия, имеет самостоятельный баланс, счета в банках, печать с изображением Государственного герба Республики Казахстан, фирменные бланки со своим наименованием, печати, штампы и другие официальные атрибуты.

6. Центр считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

7. В соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан Центр может создавать филиалы и представительства.

8. Наименование Центра:

полное:

на государственном языке: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

на русском языке: Республиканское государственное казенное предприятие «Национальный центр тестирования» Министерства образования и науки Республики Казахстан;

сокращенное:

на государственном языке: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК;

на русском языке: РГКП «Национальный центр тестирования».

9. Местонахождение Центра: Республика Казахстан, город Астана, Сарыаркинский район, проспект Победы, 60.

3. Предмет и цели деятельности Центра

10. Основным предметом и целью деятельности Центра является организационно-техническое обеспечение повышения качества образования в системе непрерывного образования Республики Казахстан, внедрения новой модели формирования студенческого контингента Республики Казахстан.

11. Для реализации поставленной цели Центр осуществляет следующие виды деятельности:

1) разработка и внедрение новых технологий анализа состояния учебно-воспитательного процесса, определения уровня знаний учащихся и обучающихся, их соответствия государственным общеобязательным стандартом образования;

2) разработка измерителей и измерительных процедур, оценивающих достижение обязательных результатов обучения, определяемых государственными общеобязательными стандартами образования;

3) мониторинг реализации организациями образования государственных общеобязательных стандартов образования, в том числе с применением тестовых технологий;

4) участие в осуществлении деятельности по обеспечению проведения аттестации и аккредитации организаций образования;

5) проведение научно-методических исследований по теории и методологии тестирования, измерение качества образования;

6) разработка и внедрение моделей конкурсного формирования контингента учащихся организаций образования;

7) организация целевой подготовки и повышения квалификации работников системы образования по применению тестовых технологий в учебном процессе;

8) создание отраслевой информационной базы данных по направлениям деятельности Центра;

9) участие в организационно-техническом обеспечении реализации международного сотрудничества в области образования, в том числе подготовки кадров за рубежом, оказание содействия обучению граждан Республики Казахстан за рубежом и иностранных граждан в организациях образования Республики Казахстан;

10) участие в организации работ по созданию, изданию и реализации учебно-методических комплексов образовательных программ;

11) создание и выпуск учебно-методических пособий по направлениям деятельности Центра;

12) создание и сопровождение базы тестовых заданий по тестированию на вступительных экзаменах и мониторингу качества образования;

13) оказание юридическим и физическим лицам дополнительных услуг при проведении тестового контроля уровня знаний в организациях образования;

14) осуществление деятельности по обеспечению информатизации системы образования, формирование и сопровождение базы данных, Web-технологий в системе образования;

15) участие в создании и сопровождении национальной образовательной сети;

16) участие в создании и внедрении системы оценки уровня знаний государственного языка гражданами в Республике Казахстан.

12. Деятельность, подлежащая государственному лицензированию, осуществляется Центром при наличии соответствующей лицензии.

13. Центр не вправе осуществлять деятельность, а также совершать сделки, не отвечающие предмету и цели его деятельности, закрепленным в настоящем Уставе.

4. Управление Центром

14. Уполномоченный орган Центра имеет следующие полномочия:

1) утверждает Устав Центра по представлению Органа государственного управления;

2) дает согласие на осуществление Центром сделок, указанных в пункте 28 настоящего Устава;

3) принимает решения об изъятии имущества, не отвечающего целям уставной деятельности Центра, излишнего, неиспользуемого либо используемого не по назначению;

4) ежегодно осуществляет проверки эффективности и целевого использования имущества по графику, согласованному с Органом государственного управления;

5) решает иные вопросы, отнесенные к его компетенции законодательством Республики Казахстан.

15. Орган государственного управления имеет следующие полномочия:

1) определяет приоритетные направления деятельности Центра;

2) рассматривает и утверждает планы финансово-хозяйственной деятельности Центра, в том числе плановые, финансовые показатели, определяет периодичность и порядок их представления;

3) осуществляет контроль и анализ выполнения плановых показателей финансово-хозяйственной деятельности Центра с представлением соответствующего отчета в Уполномоченный орган в установленные им сроки;

4) назначает на должность и освобождает от должности директора Центра и вводит его аттестацию в соответствии с Правилами назначения и аттестации руководителей государственных предприятий, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от 10 июля 2003 года № 685;

5) по представлению директора Центра назначает на должность и освобождает от должности заместителей директора;

6) осуществляет контроль за использованием по назначению и сохранностью имущества Центра;

7) утверждает смету Центра с выделением государственного заказа;

8) устанавливает фонд оплаты труда Центра;

9) решает иные вопросы, отнесенные к его компетенции законодательством Республики Казахстан.

16. Органом Центра как юридического лица является его директор, отчетный Органу государственного управления.

17. Орган государственного управления оформляет отношения с директором Центра посредством заключения трудового договора в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан.

18. Директор несет персональную ответственность перед собственником (полномоченным органом) и Органом государственного управления за состояние дел в Центре.

19. Директор действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает все вопросы деятельности Центра в соответствии с его компетенцией, определяемой законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

20. При осуществлении Центром производственно-хозяйственной деятельности директор:

1) без доверенности действует от имени Центра;

2) представляет интересы Центра во всех органах;

3) в пределах, установленных законодательством Республики Казахстан, распоряжается имуществом Центра;

4) утверждает формы оплаты труда, штатное расписание, размеры должностных окладов, систему премирования и иного вознаграждения работников в пределах установленного Органом государственного управления фонда оплаты труда;

5) заключает договоры и совершает иные сделки;

6) выдает доверенности;

7) открывает банковские счета;

8) в пределах своей компетенции и в соответствии с трудовым законодательством принимает на работу и расторгает трудовые договоры с работниками Центра, применяет меры поощрения и налагает взыскания на них;

9) издает приказы и дает указания, обязательные для всех работников Центра;

10) представляет Органу государственного управления кандидатуры для назначения на должность и освобождения от должности своих заместителей;

11) по согласованию с Органом государственного управления назначает на должность и освобождает от должности главного бухгалтера, директоров филиалов и представительств Центра;

12) определяет обязанности и полномочия своих заместителей и иных руководящих сотрудников Центра;

13) утверждает положения о филиалах и представительствах Центра;

14) выполняет иные обязанности, возложенные на него законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

21. Заместители в пределах своей компетенции действуют от имени Центра, представляют его в государственных органах и в других предприятиях, могут совершать хозяйственные операции и заключать договоры без доверенности, а также выдавать доверенности работникам Центра.

22. Полномочия должностных лиц Центра определяются должностными инструкциями, утверждаемыми Директором Центра.

5. Имущество центра

23. Имущество Центра составляют все активы Центра, стоимость которых отражается в самостоятельном балансе Центра. Центр может иметь на праве оперативного управления лишь то имущество, которое необходимо ему для обеспечения его уставной деятельности.

24. Имущество Центра является неделимым и не может быть распределено по вкладам (долям, паям), в том числе, между работниками Центра.

25. Имущество Центра формируется за счет:

1) имущества переданного ему в оперативное управление собственником;

2) имущества (включая денежные доходы), приобретенного Центром в результате собственной деятельности;

3) иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

26. Центр не вправе продавать и заключать сделки дарения в отношении имущества, закрепленного на праве оперативного управления, относящегося к основным средствам, а также принадлежащих ему акций.

27. Собственник имущества, закрепленного за Центром, вправе изъять либо перераспределить его между другими созданными им юридическими лицами по своему усмотрению, если иное не установлено законодательными актами.

В решении об изъятии имущества, находящегося на праве оперативного управления, Уполномоченный орган вправе установить Центру сроки хранения и обеспечения сохранности изъятого имущества до его передачи новому лицу с последующим списанием с баланса.

28. Центр вправе отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, полученных в результате собственной хозяйственной деятельности, лишь с письменного согласия Уполномоченного органа, за исключением случаев, предусмотренных пунктом 26 настоящего Устава.

29. Центр не вправе приобретать на основании договоров купли-продажи, дарения или иной сделки имущество, относящееся к основным средствам, письменного согласия Органа государственного управления.

6. Финансирование деятельности Центра

30. Деятельность Центра финансируется за счет собственного дохода.

31. Цены на товары (работы, услуги), производимые и реализуемые Центром, устанавливаются Органом государственного управления.

Цены на товары (работы, услуги), монополично производимые Центром, устанавливаются в порядке, установленном антимонопольным органом.

7. Ответственность Центра

32. Центр отвечает по своим обязательствам находящимися в его распоряжении деньгами.

Обращение взыскания на остальное имущество Центра не допускается, за исключением случаев ликвидации Центра.

33. Центр не отвечает по обязательствам собственника его имущества.

34. При недостаточности у Центра денег субсидиарную ответственность по обязательствам несет Республика Казахстан.

По договорным обязательствам Центра Республика Казахстан несет субсидиарную ответственность только в рамках выполнения государственного заказа.

8. Взаимоотношения с трудовым коллективом

35. Взаимоотношения между администрацией Центра и трудовым коллективом определяются в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан.

36. Режим работы в Центре устанавливается директором в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан.

9. Оплата труда работников

37. Фонд оплаты труда Центра устанавливается Органом государственного управления.

38. Оплата труда работников Центра производится в соответствии с системой оплаты труда, утвержденной постановлением Правительства Республики Казахстан от 29 декабря 2007 года № 1400 «О системе оплаты труда».

жданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет ударственного бюджета, работников казенных предприятий».

10. Учет и отчетность

39. Центр осуществляет учет результатов своей деятельности в соответствии с законодательством Республики Казахстан и утвержденными стандартами бухгалтерского учета согласно учетной политике, утверждаемой Директором по согласованию с Органом государственного управления, представляет в установленные сроки Органу государственного управления, финансовым, налоговым и статистическим органам бухгалтерскую и статистическую отчетность, и несет ответственность за ее достоверность.

Годовая финансовая отчетность Центра включает в себя: бухгалтерский баланс, отчет о доходах и расходах, отчет о движении денег, отчет об изменениях в собственном капитале, пояснительную записку.

Статистический учет и отчетность Центра осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

11. Реорганизация и ликвидация Центра

40. Реорганизация и ликвидация Центра производится по решению Правительства Республики Казахстан.

Центр может быть ликвидирован также по другим основаниям, предусмотренным гражданским законодательством.

Осуществляет реорганизацию и ликвидацию Центра Орган государственного управления по согласованию с Уполномоченным органом, если иное не установлено законодательными актами Республики Казахстан.

41. Имущество ликвидированного Центра, оставшееся после удовлетворения требований кредиторов, перераспределяется Уполномоченным органом.

Деньги ликвидированного Центра, включая средства, полученные в результате реализации имущества Центра, оставшиеся после удовлетворения требований кредиторов, зачисляются в доход республиканского бюджета.

12. Порядок внесения изменений и дополнений в Устав

42. Изменения и дополнения в Устав вносятся приказом Уполномоченного органа по представлению Орган государственного управления.

9

А. Бегалина Гамдан Амановна, нотариус, *К. Ш. С.*

лицензия № 0000568 от 06.10.1999 г.

02 СЕН 2008

свидетельствую верность этой копии с подлинником документа
в последнем подчисток, приписок, зачеркнутых слов и иных
неоговоренных исправлений или каких либо особенностей не
оказалось.



арегистрировано и в реестре за № *9038*
Сумма оплачена нотариусу *1007*
Нотариус *[Signature]*

02 СЕН 2008
Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
Астана қаласының әділет
департаментінің Әгілі
Барлық немірленгендігігілі:
2008 жыл 25 0



Пронумеровано
на *2* листах
Пронумеровано
на *8* листах